

«6D060800 – Экология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Жидебаева Айнур Ербулатовнаның «Таулы Маңғыстаудағы Шетпе Оңтүстік бор кенорнындағы Каспий Цемент зауыты аймағының өсімдіктер және жануарлар әлемінің биоалуантүрлілігін сақтау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	Жидебаева Айнур Ербулатовнаның 6D060800 - «Экология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған диссертациялық жұмысы «Таулы Маңғыстаудағы Шетпе Оңтүстік бор кенорнындағы Каспий Цемент зауыты аймағының өсімдіктер және жануарлар әлемінің биоалуантүрлілігін сақтау» «Экология» ғылымның даму бағыттарына сәйкес орындалған.
		1) <u>Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған</u> (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыс ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің «Жас ғалым» мемлекеттік гранты аясында 2023-2025 жж. № AP19175489 «Шетпе-Оңтүстік бор карьерінің аумағында биоалуантүрлілікті сақтаудың экологиялық аспектілерін ГАЗ технологияларын қолданумен ғылыми негіздеу» гранттық жобасының шеңберінде жасалынды.
2.	Ғылыми маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен зерттеу нәтижелері жұмыстың өзектілігі мен маңыздылығын нақты көрсетеді. Маңғыстау облысының құрғақ және ыстық климаты жағдайында цемент зауытының теріс әсер ету факторлары мен биоәртүрлілікті сипаттайтын көрсеткіштердің өзара байланысын ғылыми зерттеу, Шетпе-Оңтүстік бор

			карьеріндегі биоәртүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шараларды экологиялық-экономикалық бағалау және әдістемелік тәсілді қалыптастыру қазіргі уақытта өте маңызды болып табылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертациялық жұмысты талдауда ізденушінің пәндік саланы терең зерттегендігі, зерттеу жұмысында алға қойылған теориялық және практикалық міндеттерді өз бетінше шеше алғандығын көрсетті. Зерттеу жұмысын орындау барысында автор біліктілік және дербестігін деңгейінің жоғары екендігін байқатты.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі негізделген, зерттеу алгоритмі қисынды және бір мақсатқа бағынады. Диссертациялық жұмыста Маңғыстау облысындағы құрғақ аймақ жағдайында өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биоәртүрлілігінің маңыздылығын сапалы бағалау орындалған және зерттелетін аумақтың табиғатты пайдалануды басқаруды қамтамасыз ету үшін ландшафтты тұрақтандыру факторын ескере отырып, зерттеу ауданы мен «табиғи ареалдардың» биоәртүрлілік дерекқоры мен цифрлық карталары кеңінен құрылған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны жұмыстың тақырыбына толықтай сәйкес, мазмұны мен зерттеу қадамдарының құрылымы логикалық дұрыс реттілікпен қойылған және диссертация тақырыбын айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаттары мен міндеттері тұтастығымен, жүйелігімен, сондай-ақ оларды жүзеге асыру жолдарымен ерекшеленеді. Жұмыстың мақсаты мен міндеттері тақырыпқа толықтай сәйкес.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ғылыми ережелері, тұжырымдамалары логикалық тұрғыдан өзара байланысты. Автор жұмысты орындау барысында диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылыстарының өзара логикалық байланысын толық сақтаған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі	Ұсынылған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда жеткілікті дәлелді және бағаланады.

		<p>шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның авторы келесі жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Олар автордың ғылыми жарияланымдарында ұсынылған.</p> <ul style="list-style-type: none"> - зерттеу нысаны ретінде Маңғыстаудағы Шетпе Оңтүстік бор кенорнындағы Каспий Цемент зауыты таңдалып және оның қоршаған ортаға, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне әсері экологиялық бағаланған; - экологиялық бағалау мен мониторингтің классикалық әдістерімен қатар тау-кен жұмыстары аймағында биологиялық алуантүрлілікті зерттеудің жаңа әдістемесі қолданылған; - Mapinfo professional v. 12 ортасында құрастырылған зерттеу аймағының карта-схемалары жасалған; - атмосферадағы қоспалардың таралуын «ЭРА» және атмосфераның ластануын есептеудің бірыңғай бағдарламалық кешенімен математикалық модельдеу әдісімен зерттелген. - шетпе кентіндегі зауытта шаңды басу және техникалық қажеттіліктер үшін гелио тұщыландыру қондырғысын пайдалану автор келтірген есептеулерде келесі төрт себеп есебінен экономикалық тұрғыдан анықталған.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары, тәжірибелі ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Диссертацияның қорытынды жаңалығы 35 процентильді шетелдік рецензияланатын журналда мақаласының жариялануымен расталады.</p>

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеулерде экономикалық шешімдер мүлдем жаңа, практикалық маңызы бар және жеткілікті негізделген. Шетпе кентіндегі зауытта шанды басу және техникалық қажеттіліктер үшін гелио тұщыландыру қондырғысын пайдалану автор келтірген есептеулерде экономикалық тұрғыдан да негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациядағы барлық негізгі тұжырымдар мен ұсыныстар ғылыми тұрғыдан маңызды теориялық зерттеулерге және көптеген эксперименттік мәліметтерге негізделген, жақсы негізделген және тұжырымдалған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыс мазмұнынан, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, 4 бөлімнен, қорытындыдан, 6 қосымша, қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде зерттеу бағыты таңдалған, диссертациялық тақырыптың өзекті екені дәлелденген, диссертацияның мақсаты жазылған. Диссертациялық жұмысты қорғауға шығарылған негізгі ғылыми қағидалар мен зерттеу нәтижелері жаңа. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттардың қолдану аясы кеңінен таралған. Алынған нәтижелер бойынша мақалалар жарияланып, пайдалы модель патенті алынған.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияны талдау оның авторы зерттеу әдістемесін нақты негізделген түрде таңдағанын, сыналған әдістерді қолданғанын көрсетеді, бұл нәтижелердің дұрыстығын растайды.</p>

		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыста қол жеткізілген нәтижелер қазіргі заманғы озық компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, аспаптық және әр түрлі зерттеу әдістерімен, диаграммалық өңдеу арқылы алынған. Зерттеу аймағы мен «табиғи ареалдардың» биоәртүрлілік дерекқоры мен сандық карта-схемалары ғарыштық суреттерді қолдану және ГАЖ бағдарламаларын қолдану арқылы орындалды (Google Maps, Mapinfo Professional v.12. Карталар мен диаграммаларды өңдеу CorelDraw 11 графикалық қолданбалы бағдарламасын пайдалану арқылы жүргізілген.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденген және расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталады. Дереккөздерге сілтемелер дұрыс жүргізілген, олардың көпшілігі соңғы жылдардағы басылымдар.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Әдеби шолу үшін дереккөздердің саны жеткілікті.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы өте зор. Жұмыстың теориялық маңыздылығы Оңтүстік Шетпе бор кен орны және «Каспий Цемент» цемент зауыты аумағындағы топырақтың ластануынан өсімдіктер жамылғысының жай-күйін олардың маңыздылығы бойынша бағалауды зерттеу болып табылады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар. Шетпе Оңтүстік бор карьері мен цемент зауыты аймағында әзірленген су тұщыту жылжымалы</p>

		<p>мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия;</u> 2) жоқ</p>	<p>гелиокондырғысын карьер мен Каспий цемент зауыты аймағындағы шаңды басу және зауыттың техникалық қажеттіліктеріне металл бұйымдарының тез істен шығуын алдын алу үшін жер асты тұзды суларын тұщыландыру үшін пайдалану негізделген.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстардың жаңа екендігіне шетелдік және Қазақстан көлеміндегі журналдарда жарияланған мақалалар, пайдалы модель бойынша шыққан патент дәлел бола алады. Диссертациялық жұмыс материалдары бойынша 6 жұмыс жарияланған, олардың ішінде: Scopus базасы құрамына кіретін журналдарда – 1 басылым, Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарында – 3 мақала, мақаланың қалған бөлігі Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланды. Қазақстан Республикасының пайдалы модельге № 9128 17.05.2024 ж. «Бассейн типтес су тұщытқыш» патенті алынған</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Автордың диссертациялық жұмысты орындау барысында академиялық жазу және ресімдеу сапасы жоғары байқалды Барлық бөлімдері өзара логикалық түрде байланысқан және қойылған міндеттерді шешуге бағытталған.</p>
11	Диссертацияға ескертулер		<p>1. Диссертациялық жұмыста кездесетін қателіктер мен техникалық кемшіліктерге назар аудару керек. 2. Алынған нәтижелер нақты көрсетілуі үшін қосымша графикалық немесе кестелік деректерді пайдаланыңыз.</p>
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		<p>Докторанттың ғылыми мақалалары тандалған тақырыпқа сәйкес келеді, олар зерттеу нәтижелерін көрсетеді; журналдар зерттеу бағытына және тандалған тақырыпқа сәйкес келеді.</p>

13	Ресми рецензенттің шешімі		<p>Қорытындылай келе, диссертациялық жұмысқа оң баға бері отырып, Жидебаева Айнуր Ербулатовнаның «6D060800 – Экология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне алуға ұсынылған ««Таулы Маңғыстаудағы Шетпе Оңтүстік бор кенорнындағы Каспий Цемент зауыты аймағының өсімдіктер және жануарлар әлемінің биоалуантүрлілігін сақтау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық көлемде жан-жақты зерттелгендігін алға тартамын.</p> <p>Алынған нәтижелердің ғылыми деңгейі және орындалған зерттеулер көлемі бойынша «дәрежелерді беру қағидаларының» талаптарына сәйкес келетіндігін мәлімдеймін. Ізденуші Айнур Ербулатовнаны «6D060800 – Экология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.</p>
----	---------------------------	--	---

Ресми рецензент:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ
 Жаратылыстану ғылымдары факультетінің
 ғылым жөніндегі декан орынбасары,
 «Экология және химия» кафедрасының
 қауымдастырылған профессоры, PhD

Әбдімүтәліп Н.Ә.

РАСТАЙМЫН:
 Қ. А. Ясауи атындағы
 Хайықаралық қазақ-түрік
 университеті
 Адам ресурстарын басқару
 бөлімінің бастығы

